



Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі 2018 жылға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 желтоқсандағы № 930 қаулысы

"Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы № 858 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі 2018 жылға арналған іс-шаралар жоспары (бұдан әрі – Іс-шаралар жоспары) бекітілсін.

2. Орталық және жергілікті атқарушы органдардың, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың (келісім бойынша) бірінші басшылары:

1) Іс-шаралар жоспарын орындау жөніндегі шараларды қабылдасын;

2) 2018 жылғы 1 шілдеден және 20 желтоқсанның кешіктірмей Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне Іс-шаралар жоспарының орындалу барысы туралы ақпарат берсін.

3. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі 2018 жылғы 10 шілдеден және 31 желтоқсанның кешіктірмей Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесіне Іс-шаралар жоспарының орындалу барысы туралы жиынтық ақпарат берсін.

4. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі 2018 жылғы 20 шілдеден және 2019 жылғы 10 қаңтардан кешіктірмей Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне Іс-шаралар жоспарының орындалу барысы туралы жиынтық ақпарат берсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне жүктелсін.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Б. Сағынтаев

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2017 жылғы 29 желтоқсандағы
№ 930 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі 2018 жылға арналған іс-шаралар жоспары

Р/с №	Іс-шаралар	Аяқтау нысаны	Орындауға жауаптылар	Орындау мерзімі
1	2	3	4	5
1	"Жеке өмірге қол сұғылмау" ұғымының анықтамасына ғылыми-негізделген құқықтық тәсілдерді тұжырымдау	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат	Б П (келісім бойынша), Ұ Қ К (келісім бойынша), І П М, "Сырбар" С Б Қ (келісім бойынша), М К Қ (келісім бойынша), МҚІСҚА (келісім бойынша), Ж С (келісім бойынша), Әділетмині	1-тоқсан
2	Қалалық және ауылдық жерлерде адвокаттық қызмет көрсетудің біркелкі қамтылмау проблемасын шешуді пысықтау	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат	Әділетмині	2-тоқсан
3	Табыс деңгейі төмен адамдарға құқықтық көмек көрсету жүйесін жақсарту мәселесін пысықтау	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат	Әділетмині	2-тоқсан
4	Шығындар, соның ішінде айырылып қалған пайда мен нақты зиянды анықтау тәртібін белгілеу бойынша мәселелер кешенін пысықтау	ұсынысты ВАК отырысында қарау	Әділетмині, мүдделі мемлекеттік органдар	2-тоқсан
5	Азаматтық айналымға қатысушы бағалы қағаздардың барлық спектрін Азаматтық кодексте тіркеудің орындылығы мәселесін пысықтау	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат	Ұ Б (келісім бойынша), мүдделі мемлекеттік органдар	3-тоқсан

6	Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің жобасын әзірлеу және Қазақстан Республикасы Парламентінің қарауына енгізу	Қазақстан Республикасы кодексінің жобасы	Әділетмині, Ж С (келісім бойынша)	3-тоқсан
7	Қоғамдық қатынастарды реттеудің жариялы-құқықтық және жекеқұқықтық әдістерінің арақатынасы мәселелерін пысықтау	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат	Әділетмині, мүдделі мемлекеттік органдар	4-тоқсан
8	Акционерлік қоғамдарға қатысты кешенді мәселелерді пысықтау, оның ішінде: - "жария корпорациялар" деп аталатындармен байланысты акционерлік қоғамдардың құқықтық табиғаты ескерілген мәртебесі; - акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанын коммерциялық емес ұйым ретінде пайдалану мүмкіндігі туралы	ұсынысты ВАК отырысында қарау	Әділетмині, мүдделі мемлекеттік органдар	4-тоқсан
9	Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі 2019 жылға арналған іс-шаралар жоспарын әзірлеу және бекітілуін қамтамасыз ету	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Әділетмині, мүдделі мемлекеттік органдар	4-тоқсан
10	Қабылданатын заң жобаларының барынша ашықтығын және кең талқылауды, сондай-ақ жоспарланған заңнамалық бастамалар туралы хабардар етуді қамтамасыз ету	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат	Әділетмині, орталық және жергілікті мемлекеттік органдар	жыл бойы
11	Азаматтардың құқықтық сауаттандыру және құқықтық мәдениетін арттыру бойынша іс-шараларды тұрақты негізде жүргізу	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат	Әділетмині, орталық және жергілікті мемлекеттік органдар	жыл бойы

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

Әділетмині – Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі

ЖС – Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты

БП - Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы

МҚІСҚА – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі

ҰҚК – Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті

МКҚ – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметі

"Сырбар" СБҚ – Қазақстан Республикасының "Сырбар" Сыртқы барлау қызметі

ҰБ – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

ІІМ – Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі

ВАК – Заң жобалау қызметі мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК